

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : Хлебодаровка жалпы орта білім беретін мектебі

Мектепалды : О «Б» сыныбы

Балалардың жасы : 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 3-апта 13 - 17 қазан 2025-2026 оқу жылы

«Адал азамат» біртұтас тәрбие « Тәуелсіздік және Отаншылдық » айы

«Апта дәйексөздері»- «Отанды сүю - отбасынан басталады!»

Тексерілді:



Күн тәртібі	Дүйсенбі 13.10	Сейсенбі 14.10	Сәрсенбі 15.10	Бейсенбі 16.10	Жұма 17.10
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату Ойын: «Кім көп сөз айтады?» Шарты: Педагогтың артынан бірнеше сөзді қайталап айтады				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Өнегелі 15 минут Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін білдіріңіз.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Менің Қазақстаным» ҚР гимні Шығармашылық ойыны: Фотосуреттер қарастыру Жәндіктер мен космекенділер әлемі» Фотосуретте балалар қандай көмек көрсеткендерін айтып беру.	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Ойын: «Тығалыспақ» Мақсаты: кеністікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту Қажетті заттар: Ойын барысы: барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, өсік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайталан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан		«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Тақия тастамақ Мақсаты: Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту. Шарты: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді.	

		бұрын «жалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады.			
					
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 4				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Адалдық әліппесі «Сықырлы таяқша» Ойынның мақсаты: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрып, өздеріне көмек қажет болған жағдайды кезек-кезек айтып береді, мысалы: тісім ауырды, біреу ренжітті, көңіл-күйім болмады т.б. Қатысушылар жағдайларын айтып болғаннан кейін, педагог «сықырлы таяқшаны» қолына алып, былай дейді: «Сықырлы таяқша, досына көмектес!». Досына қалай көмектесуге болатынын білетін бала қолын көтереді, ал педагог оған таяқшаны береді. Таяқшаны алған қатысушы оны екінші қатысушының қолына тигізеді және оған қалай көмектесуге болатынын айтады. Қиындық туындаған жағдайда педагог баланың қолына таяқшаны тигізіп, оған қалай көмектесу керектігін өзі айтады.	Адалдық әліппесі «Досының жақсы қасиеттерін атап бер» Ойынның мақсаты: адамның жақсы жақтарын көре білуге тәрбиелеу. Педагог өз қалауы бойынша бір баланы таңдап алып, оны шеңбердің ішіне отырғызады және басқа балалар өзіне осы баланың қандай қасиеттері ұнайтынын айтады. Педагог балаларға жауаптарының қайталанбауын ескертеді және өзі үлгі ретінде осы баланың жағымды қасиеттерінің бірін әңгімелей береді. Ойын осылай жалғасады.			
Кестеге сәйкес ҮІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Қорыққанға қос көрінеді (ертегі) Міндеті Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту Күтілетін нәтиже: Жасайды: "г" "к" дыбыстарына сөз ойлап айтады, ертегі мазмұнын бойынша сұрақтарға жауап береді, әр кейіпкерлердің өз шелегін өз орынына қояды; Түсінеді: ертегі мазмұнын түсінеді; Қолданады: өз ойларынан ертегіге тақырып қояды Ертегі кейіпкерлерін атап	Сауат ашу негіздері Буын Міндеті Сөздерді буынға түрлі әдістермен бөлуді үйрету Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі. Түсінеді: сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын. Қолданады: дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады Суреттен не көріп тұрсыңдар? Ал енді осы сөздерді сендерден алыста тұрған сияқты созып, айғайлап айтып көріңдер. Балалар сөздерді айғайлап, созып айтады: лак, қас-қыр,	Сауат ашу негіздері Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз Міндеті: Суреттерді өз сызбасымен дұрыс сәйкестендіру арқылы ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі. Түсінеді: буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсетуді. Қолданады: буынға бөлуді көрсетуде сызбаны қолданады. Сөздерді созып, дауыстап айтқанда, сөздің қанша	Сауат ашу негіздері Буынға бөлейік Міндеті: Басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі. Буындарды бөліп жеке айтады. Түсінеді: бір буында бір дауысты дыбыс барын. Қолданады: сөздегі буынның екінші жартысын табады. Балалар, бүгін бізге Айсулту қуыршақ қонаққа келіпті. «Өз атыңды буынға бөл» ойын-жаттығуын ойнатады. Сендерден өзінің атын	Көркем әдебиет Тұлкі мен қоян Міндеті: Кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыруға үйрету. Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Жануарларға қамқорлық сезімін тәрбиелеу Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ертегіні сахналайды; Түсінеді: ертегі мазмұнын түсінеді; Қолданады: сұрақтарға жауап береді Ғажайып жағдаят – Балалар, бұл – сықырлы қорапша. Оның ішінде не бар екен, ашып көрейік. Педагог сықырлы қорапшаның ішінен екі

	беріндерші? Олар күнде не тасиды? Суды немен тасиды? Суды олар қайдан тасиды? Сушылар қайтарда қай жолмен жүреді? Бақта ағаш түбінде не отырады? Бірде қоянның төбесіне не түсті? Қоян қорқып не істейді? Қорыққан сушылар не істеді? Сушыларға қоян қалай елестеді? Ал қоянға не? Міне, балалар, "қорыққанға қос көрінеді" деген осы екен. Балалар осы ертегінің авторы сендер болсаңдар, ертегіге қандай тақырып қойған болар едіңдер, ойлап көріңдерші? Дидактикалық ойын: «Белгілі дыбысқа сөз таңда». Ойын шарты: Ертегідегі кейіпкерлердің бас әрпіне сөз ойлап айтады. Мысалы: «Әже» сөзіндегі «Ә» дыбысына; «Қыз» дегендегі «Қ» дыбысына; «Тауық» және «тышқан» деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлайды	бағ-дар-шам. Сөздерді қайталапқызады және буынға бөліктіріп айтқызады. – Дауысты дыбыстар буын құрайды. Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Сөздерді созып, дауыстап айтқанда, сөздің қанша буынның тұратынын білуге болады. – Буын – сөйлеу мүшелерінің тұтастай жұмылынан пайда болған бір немесе бірнеше дыбыстың тіркесі. Дауысты дыбыс өз алдына тұрып та, төнірегін дауыссыз дыбыстарды алып та буын құрайды. Сөзде қанша буын бар екенін білу үшін, алақандарымызбен шапалақтаймыз. Педагог қолын шапалақтау арқылы лак сөзін буынға бөледі, «лак» деп бір рет шапалақтап, «лак» сөзі бір буыннан тұратындығын түсіндіреді. Педагог балаларға «қасқыр» сөзін буынға бөліреді. «Қас-қыр» сөзін екі рет шапалақтап айтады. «Қасқыр» сөзі неше буыннан тұрады? – Екі буыннан тұрады. – Иә, екі буыннан тұрады екен, өйткені «қасқыр» сөзінде созылып айтылатын екі дауысты дыбыс бар. Педагог балаларға «бағ-дар-шам» сөзін буынға бөліреді. Осы сөзде үш дауысты дыбыс бар екенін анықтатып, сондықтан бұл сөз үш буыннан тұратындығын түсіндіреді. Буынға тән негізгі белгілері: 1) Дауыссыз дыбыс буын болмайды. 2) Дауысты дыбыстың өзі де буын бола алады (а-та, а-па) 3) Бір буында бір ғана дауысты дыбыс	буыннан тұратынын білуге болады. Буын – бір немесе бірнеше дыбыстың тіркесі. Дауысты дыбыс өз алдына тұрып та, төнірегін дауыссыз дыбыстарды алып та буын құрайды. Педагог сызғыштың суретін көрсетіп, осы сөзді буынға бөліреді. – Сыз-ғыш – екі буын. – Балалар, сендер сөзді тіктөртбұрышпен белгілейтінмізді білесіңдер. Сөзді буынға бөлу үшін, осы тіктөртбұрышты сызықшалармен бөлеміз. Буындардың жазылуын сызба түрінде былай көрсетеді (тақтаға сызып көрсетеді немесе сызбасын іледі): сыз-ғыш.  Педагог суреттерді көрсетіп, осы сөздерді буынға бөліреді. ө-шір-гіш  кі-тап  Тіктөртбұрыш сөзді бөліреді, ал сөзде неше буын болса, төртбұрышты сонша бөлікке жоғарғы жағын сәл шығарып бөлеміз.	буынға бөліп беруін сұрап отыр. – Енді Айсұлу сөзі неше буыннан тұрады екен, ойлап көрелік: Ай-сұ-лу. – Бірінші буынның кім айтады? – Бірінші буыны – Ай. – Екінші буыны – -сұ. – Үшінші буыны – -лу. – Дұрыс, үш буыннан тұрады. – Себебі үш дауысты дыбыс бар. Балалар өз аттарын буынға бөліп айтты береді. Дауысты дыбыс жеке өзі ғана бір буын құрай алады. Мысалы: А-рай, А-сыл. «Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап, айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу. Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар. Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам ойлап, келесі буынды табу. Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды. Ау- (ла). Ал- (ма). Са- (ра). Сә- (біз). Қа- (уын). Мысалы: үй-рек, бүр-кіт, қар-ға, тыр-на, тор-ғай, та-бақ, ә-теш, же-лім, қа-ғаз, қай-шы, қа-лам, кі-тап.	анды алып көрсетеді. – Бұларды қалай атаймыз? (Түлкі, қоян) – Түлкі мен қоян туралы қандай ертегі білесіңдер? – Түлкі – қу, айлакер аң. Орманды, даланы кезіп жүреді. – Түлкінің терісі жұмсақ, үлпідек. – Қоян керемет сакқұлақ, сужүрек аң. – Балалар, бүгін «Түлкі мен қоян» ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегіде кейіпкердің мінез құлқын салыстыра сипаттайды. Ертегіні ойлап, қиялдан құрастырады. Сөздік жұмысы: қу – зымиян, әккі айлакер – амал, айла тапқыш Ертегінің мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Ертегі ұнады ма? Ертегі не туралы? – Ертегі қалай аталады? Түлкі қоянды көргенде не істеді? – Қоян түлкіге не деді? Түлкі қоянға не туралы айтты? – Ертегі қалай аяқталды? Қашанда қояндай сақ болайық. «Қандай жануар» ойыны (баланың ойлау қабілетін дамыту) Шарты: ойынға хатқалта дайындалады. Хатқалтаның ортасы дөңгеленіп қылынған. Ойықтан көрінген аңдардың дене мүшелері арқылы қандай жануар екенін табу
--	--	---	--	--	---

		болады. 4) Сөздің құрамында қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады.		
«Үнемді тұтыну»- Тамақ сатып алғанда... . Мақсаты: балалардың үнем туралы түсініктерін кеңейту				
		Тамақ сатып алғанда... Зерттеушілердің айтуынша, әлемдегі адамдардың басым көпшілігі тамақты тоназытқышқа сақтап қойып, кейін оны пайдаланбай - ақ, лақтыра салады екен. Пайдасыз болып қалған соң, лақтырмағанда қайтсін?! Яғни, көп тамақ сатып алған соң, азық таусылғанша сақталып тұрған тамақтар жеуге жарамсыз болып қалады. Мысалы, қарапайым картонды көп етіп алсаңыз, мөшектің астында қалып қойған картондар күн өткен сайын шірі береді. Кейін оны пайдаланбай - ақ, лақтыруға тура келеді. Сондықтан, тамақ сатып алғанда өте ұқыпты болыңыз.		
2 - ұйымдастырылған іс-әрекет				

Қоршаған әлеммен таныстыру Өсімдіктердің көбеюі Міндеті: Өсімдіктердің өсу, даму сатыларымен таныстыру Күтілетін нәтижелер: жасайды: бөлме гүлдері мен дала гүлдерінің бірнеше түрін атап береді. түсінеді: өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін біледі. қолданады: өсімдіктерге күтім жасай алады. Педагог жұмбақ жасырады. – Қолы жоқ, аяғы жоқ – қозғалады, аузы жоқ – тыныс алады, қоректенеді. – Бұл – өсімдік. – Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы қандай? – Адамдар өсімдіктерді азық ретінде, құрылыс материалы ретінде қолданады, қағаз алады. Ол ауаны тазартады. Біз тәжірибе жасап көрдік. – Өсімдіктер қалай көбейеді? – Өсімдіктер тұқым арқылы көбейеді. – Өсімдік өсу үшін не керек? – Өсімдік өсу үшін су, ауа, жарық, жылу керек. «Өсімдіктердің өсіп-өнуіне судың қандай қатысы бар?» Жауап: «Сусыз өсімдік өспейді. Өсімдік су арқылы топырақтағы қоректік заттардың бойына сіңіреді». Балаларға екіге бөлінген алма мен алмұрт	Математика негіздері 8 саны және цифры Міндеті: 1-ден 8-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге Күтілетін нәтижелер: менгереді: 8 санын айтуды; түсінеді: заттардың саны мен осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіруге керектігін; қолданады: заттарды топқа бөлуді, 8 санын тануды Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суреттегі түрлі түсті шабаданларды сана. Тағы бір шабадан боя. Қанша болды? Тағы бір дөңгелек пен пирамиданың сақинасын боя. Балалар суретпен танысады. – Қанша шабадан түрлі түске боялған? (Жеті). Тағы біреуін бояйық. Қанша болады? (Сегіз). Шенберлер және пирамидамен жұмыс алдыңғы ұйымдастырылған іс-әрекетке ұқсас орындалады. Қорытындыда балалар: сегіз саны болу үшін жетіге біреуін қосу керек. 2-тапсырма. Қарындашты жолдың үстімен «жүргіз». Ауада 8 санын «жаз», содан кейін дәптердегі жұмысты орында. Жұмыс үшін педагог қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін «Жолмен жүр» жаттығуын қолданады (үлестірімелі материал, № 4 парақ). Ойын жаттығуы. «Ретімен тұр». Педагог балалар тобына 1-ден 8-ге дейінгі цифрды бар карточкаларды таратады және ретімен санақ тұруды ұсынады	Математика негіздері 9 саны және цифры Міндеті: 9 саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 9-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету Күтілетін нәтижелер: менгереді: 9 санын айтуды; түсінеді: заттардың саны мен осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіруге керектігін; қолданады: заттарды топқа бөлуді, 9 санын тануды «Сан мен цифрды байланыстыр» ойын-жаттығуы. Педагог 7, 8 цифрды көрсетеді. Заттардың қажетті санын көрсететін суреттерді табуды ұсынады. Балалар санды цифрмен байланыстыруды үйренеді. Үлестірімелі материалдың № 2,3 парақтарын пайдаланады. Киімінің суреті бар карточкалар көрсетіледі. Киімді сөреге (7, 8 зат) бүктеп салып, оларды санауды ұсынады. Одан соң балалар санды тоғызға дейін толықтырады. Тоғыз саны қалай шыққанын айтып түсіндіреді. (9 бұл – 8 тағы 1). Педагог 7, 8, 9 сандары туралы өлең оқиды. Жалғыз аяқ көсеуде, Ұқсас екен	Математика негіздері 9 саны және цифры Міндеті: 1-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге, салыстыру Күтілетін нәтижелер: менгереді: 9 санын айтуды; түсінеді: заттардың саны мен осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіруге керектігін; қолданады: заттарды топқа бөлуді, 9 санын тануды Ойын жаттығуы: «Цифрларды тауып, ретімен қой». Ойын басталмас бұрын педагог бөлменің әр тұсына 1-ден 9-ға дейінгі цифрды бар карточкаларды орналастырады. Балалар барлық цифрларды тауып, оларды дұрыс ретпен орналастырып, үстелге қою керек. (2-3 рет). Үлестірімелі материалмен жұмыс. Ол пазлдары бар №8, №9 парақ беттеріндегі карточкаларды таратады, жұбын табуы – сан және цифрдан жұп жасауды сұрайды 1-тапсырма. Себеттегі көгөністерді сана. Соңша дөңгелек пен пирамиданың сақиналарын боя. Себетке тағы бір көгөністің суретін сал. Тағы бір дөңгелек пен сақинаны боя. Себеттегі көгөністерді санауды, көгөніс санына байланысты дөңгелектер мен пирамида сақиналарын бояуды ұсынады. – Себетке тағы бір көгөністің суретін сал. Тағы бір дөңгелек пен сақинаны боя. 9 цифрды қалай	Математика негіздері 9 саны және цифры Міндеті: 1-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге, салыстыру Күтілетін нәтижелер: менгереді: 9 санын айтуды; түсінеді: заттардың саны мен осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіруге керектігін; қолданады: заттарды топқа бөлуді, 9 санын тануды Ойын жаттығуы: «Цифрларды тауып, ретімен қой». Ойын басталмас бұрын педагог бөлменің әр тұсына 1-ден 9-ға дейінгі цифрды бар карточкаларды орналастырады. Балалар барлық цифрларды тауып, оларды дұрыс ретпен орналастырып, үстелге қою керек. (2-3 рет). Үлестірімелі материалмен жұмыс. Ол пазлдары бар №8, №9 парақ беттеріндегі карточкаларды таратады, жұбын табуы – сан және цифрдан жұп жасауды сұрайды 1-тапсырма. Себеттегі көгөністерді сана. Соңша дөңгелек пен пирамиданың сақиналарын боя. Себетке тағы бір көгөністің суретін сал. Тағы бір дөңгелек пен сақинаны боя. Себеттегі көгөністерді санауды, көгөніс санына байланысты дөңгелектер мен пирамида сақиналарын бояуды ұсынады. – Себетке тағы бір көгөністің суретін сал. Тағы бір дөңгелек пен сақинаны боя. 9 цифрды қалай	Қоршаған әлеммен таныстыру Заттардың адам өміріндегі маңызы Заттар неден жасалады? Міндеті: Заттардың адам өміріндегі маңызын түсіндіру арқылы оларды топтастыра білу дағдыларын арттыру Күтілетін нәтиже: • заттардың неден жасалғанын анықтайтын тапсырмаларды орындайды/жасайды; • қоршаған ортадағы күнделікті көріп жүрген заттарының қандай материалдан жасалғандығын түсінеді; • материалды тиімді пайдалану тәсілі туралы білімдерін күнделікті өмірде қолданады Балалар, айналаға қараңдаршы, бізді нелер қоршап тұр? (Әртүрлі заттар). Бізді қоршаған заттар бір ғана материалдан жасалған жоқ. Қолданылуына байланысты оларды әртүрлі материалдан жасайды, олар жұмсақ, қатты, ауыр, жеңіл, келір-бұдыр немесе теп-тегіс болуы мүмкін. Әр заттың өзіндік мақсаты бар және ол бір нәрсеге қажет. Мысалы, үстел жазу үшін немесе оған тамақтану үшін қажет. Адамдар орындықтарда отырады, электр немесе газ плитасында тамақ пісіреді. Сонымен қатар адамның күнделікті өмірдегі жұмысын жеңілдететін заттар бар. Бұл заттарды кімдер жасайды? – Оларды ересек адамдар жасайды. – Ал бұл заттарды жасау үшін материалдарды қайдан алады? – Әрине, табиғаттан алады. – Күнделікті көріп жүрген үй жиһаздары неден жасалады? –
---	--	---	--	--	---

	ұсынылады. Олардың қандай ұқсастығы мен айырмашылығын табады. Олардың пішіндері, дәмі, түсі, иісі әртүрлі. Олардың ұқсастығы: екеуі де жеміс, ортасында тұқымы бар, қатты жеміске жатады. – Егер осы бөліктерді қағаз сүрткішке қойсақ не болады? – Қағазда судың ізі қалады. Қандай қорытынды жасауға болады? – Екеуі де шырынды жеміске жатады. (Көгіністердің тұқымын бақылау ұсынылады). – Олардың тұқымы қандай? – Тұқымдары әртүрлі. Бірінің сырты қатты қабықтан тұрады, енді бірі жұмсақ. – Біз тамаққа қандай бөлігін пайдаланамыз? – Тұқымынан тазартып, жұмсақ бөлігін пайдаланамыз. (Тұқымды лупамен қарау ұсынылады). – Тұқымдар әртүрлі. Барлық тұқым бірдей ме? Тұқымдарды ортасынан бөліп көріңдер. – Кейбір тұқымдар ортасынан жарылады. Ал қызанақтың тұқымы бөлуге келмейді. Ол ұсақ және жұмсақ. Сыртқы қабығы ішіндегі тұқымды кеуіп кетуден сақтайды. Тұқым өсіп өну үшін қандай жағдай керек?		жетеуге. Мынау жатқан қайшы. Ал «Сегіз» сан қайсы? Оның екі көзі, «Сегізінші» өзі. Акробат қыз мықты, Сахнаға шықты. Бүктеліп белі қайысты, «Тоғыз» болып майысты. Бүгін біз қандай жаңа сан туралы білетін боламыз? (9)	шығарғаныңды айт	Ағаштан, темірден жасалады. «Көп ойла, сөз ойла» ойыны Суреттегі заттарды атаңдар, не үшін қолданатынын, неден жасалғанын айтыңдар. Балалар заттарды атап, неден жасалғанын және не үшін қолданатынын айтады. Мысалы, киім матадан тігіледі, адамның үстіне киюіне арналған заттар. Еңбек құралдары темір менағаштан, пластиктен жасалады, олар еңбек етуге арналған заттар. Ыдыс фарфор, әйнектен жасалады, ас ішуге арналған заттар. Жиназ – күнделікті тұрмысқа қажет заттар, темір мен ағаштан, пластиктен жасалған.
Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» Әбікен Хасенов - Көкейкесті (күй)					

Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын дамыту



3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі Қауын Міндеті: Сөздік қор. -Егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, днірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды Атауын айтып, буынға бөліп, әріптерді толықтырып, дыбыстарды белгіледі; Түсінеді Кітапшадағы суреттен егіншілікке керек заттарды айтты; Қолданады Екі суреттегі ерекшелікті табуда салыстыру дағдысын дамытты; <i>Егін ексең тыңға, шықтың дей бер иыңға.</i> Өрік, Қарбыз, Алма, Бүлдірген, Қауын бұларды не деп айтамыз? Өге тамаша, дұрыс айтасындар (жемістер, жидектер, жеміс-жидек), (мақал айтқызды, біреу болса жеміс, көпше болса жемістер атауын үйретуге тырысты). Біз бүгін қауынмен жақынырақ	Қазақ тілі Өрік Міндеті: Тілдің грамматикалық құрылымы -Сөздерді жіктеп, тәуелден, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлау, сұраулау, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Күтілетін нәтиже Жасайды: өріктің пішіні алмаға ұқсайтынын еске түсіреді және дәмінің өзгеше екенін білді; Түсінеді атауын айтып, дыбыстарды жазып, дыбыстарды белгіледі; Қолданады «Ө», «І» дыбыстарының орнын тапты; Жеміске түсінік беру. Өрік – кәлімгі өрік және оған туыстас ағаштардың жемістері. Сарғыш-қызыл, жұмсағы тығыз, ортасында сүйегі бар	Сөйлеуді дамыту Отбасының күзгі еңбегі Міндеті: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Күтілетін нәтиже: Жасайды: «Отбасының күзгі еңбегі» тақырыбына әңгіме құрайды, көгіністермен жемістерді ажыратады; Түсінеді : сөздің дыбыстан құралатынын; Қолданады: күз мезгілінің ерекшеліктерін, сипаттайтын көркем сөздер қолдана алады. Педагог адамдардың күзгі еңбегін қысқаша айтып өтеді, мысалы, егін жинайды, бау-бақшалардағы жұмыс түрлеріне тоқталады т.б. Демонстрациялық материал Педагог күз мезгілінің суретіне қарап, әңгіме құрайды: «Күз мезгілі, бақшаның	Көркем әдебиет Отан Міндеті: Олең сюжетінің дамуын қалағалауға үйрету. Сұраққа толық жауап беруге жетелеу. Отанын сүйуге, мақтан етуге тәрбиелеу Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңге қызығушылық танытады; Түсінеді: өлең мазмұнын түсінеді; Қолданады: өз ойын айтады, басқалардың пікірін тыңдайды. Біздің Отанымыз қалай аталады? Біз қай елде тұрамыз? – Біздің ұлтымыз қалай аталады? Біз қай тілде сөйлейміз? – Біздің туған еліміз, Отанымыз – кең-байтақ Қазақстан. Отан дегеніміз – туған жеріміз, Отан өз отбасынан басталады. Сен алысқа кетсең, үйіңді сағынасың. Туған жердің топырағы, гүлдері, ойнаған жерлерін есіне	Шығармашылық бейнелеу әрекеті (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру) Бұлай масақтары Міндеті: - Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: жеткізе білуін жетілдіру - балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, мүсіндеп мазмұнын бере білуді үйрету - Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді пішіндегі заттарды кию – тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу Топтық жұмыс
--	--	---	---	--	--

	танысатын боламыз... 3. Суреттен не көріп тұрсындар? <i>(қауын)</i> Қауынның ... <i>(қабығын)</i>, қауынның (дәнін) қауын салынған ... <i>(себет)</i>, (Бұл жерде балаға екі, үш сөзден тұратын сөйлемдерді үйретуге тырысты). 4. Кітапшамен жұмыс: 4.1. Тәрбиеші өзі дауыстап айтады. ҚАУЫН – неше дыбыстан тұрады екен? (Өте керемет, бес дыбыстан тұрады). Қане, буындап көрейік: ҚА-УЫН (Керемет, екі буыннан тұрады екен не?) 	жеміс. Балалар, білесіңдер ме, өрік сүйегінің ішінде кішкентай дәні болады, оны жерге егіп суарсақ, біраз уақыт өткен соң өрік ағашы өсіп шығады. Өрік ағашы 100 жылға дейін өмір сүреді, 25-40 жыл жыл сайын жеміс береді. Балалар, айтыңдаршы өрік тағы неге ұқсайды? 3. Кітапшамен жұмыс. 3.1. Педагог өзі дауыстап айтады. ӨРІК – неше дыбыстан тұрады екен? (Өте керемет, төрт дыбыстан тұрады). Қане, буындап көрейік: Ө-РІК (Керемет, екі буыннан тұрады екен, не?) «Ө» дыбысы сөздің қай жерінде тұр? Иә, басында тұр. Айтыңдаршы, «І» дыбысы сөздің қай жерінде кездеседі? Жарайсындар, үшінші яғни ортасында 	іші сары алтындай жарқырап тұр. Ағаштардан түскен жапырақтар жерде саудырап жатыр». Жапырақтардың түстері қандай? Бақшада кімдер жүр? Бақшадағы балаларға ат қойыңдаршы? Бақшада балалар не істеп жүр? Әкесі мен анасы не жинап жүр? Балалар суретке қарап, әңгіме құрайды. Педагог «азық» сөзінің мағынасын түсіндіреді. Азық – тамақ, қысқы қорек. Педагог көгөністердің аттарын орыс тілінде аудармасын айтып түсіндіріп өтеді. Балалар сурет бойынша құраған әңгімелерін ұнады ма? Иә, сендердің әңгімелеріңнен суреттегі отбасының еңбеккер екенін байқадық. Әңгімеге көп рақмет.	түседі. Туган жерсіз адамның күні жоқ. – Қазақстанның жері кең, табиғаты бай, ормандары, таулары мен көлдері, шексіз даласы, қалалары – біздің мақтанышымыз. 25 қазан – Қазақстан Республикасының құрылған күні. Бұл – біз үшін үлкен мереке, қуанышты күн! Педагог «Тәуелсіздік күні» слайдын көрсетіп, әңгімелейді. – Бүгін ақын Мұхағали Махатаевтың «Отан» өлеңімен танысамыз. Сөздік жұмысы: Отан – туып-өскен жеріміз тәуелсіздік – еркіндік, теңдік, егемендік Сұрақ-жауап: – Өлең қалай аталады? Саған ұнады ма? – Авторы кім? Өлең не туралы? – Біздің мемлекетіміз қалай аталады? – Біз тұратын қала немесе ауыл қалай аталады? – Сен қай елдің азаматысың? Отан сөзіне сөйлем құра	
Қауіпсіздік сабағы «ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТЕЛЕФОН НӨМІРЛЕРІ»					

Сюжеттік-рольдік ойын:

Балаларды жұптарға бөлу. Бір бала қоңырау шалушының ролін, екіншісі – төтенше қызмет операторының ролін ойнайды. Өрттің жағдайлар көрсетілген (өрт, адам құлап кетуі, көшеде біреу айқайлап жүр және т.б.) карточкаларды тарату. Қоңырау шалуға жаттықтыру. Ол үшін бала қажетті телефон нөмірін теріп, операторға ақпарат беруі керек. Төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін қайталау: Ойын түрінде төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін қайталау. Телефон нөмірлерін есте сақтау үшін ән немесе тақпақ (рифма) ойластыру.

**Пайдалы сілтемелер:**

<https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij>

<https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/cpsp-material/poleznyie-materialy-cpsp>

https://www.youtube.com/watch?v=HBgZoMfOcIE&list=P LA5eCSY2FeoQFtm Gao7lWQuIA-hK_6ODD&index=12

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**Дене тәрбиесі**

Күшті, батыл және үлкен боламын!

Міндеті: -Алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру

Күтілетін нәтижелер:

Жасайды: орындық үстінде толтырылған доптарды аттап, тепе-теңдік сақтап жүруді, бір бүйірімен екі аяқпен арқаннан секіруді, бір-бірінен бес метр арақашықтықта қойылған заттар арасымен допты домалатып жүруді.

Түсінеді: таяқты дұрыс ұстау керектігін, допты саусақтарымен күшке салмай төменнен жоғарыға қарай қалай итеру керектігін, кегельдердің оң және сол жағынан қалай

Музыка

Күзгі жаңбыр

Міндеті: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің шаттық күйін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту

Күтілетін нәтижелер:

Жасайды: шығарманың дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады, әндерді орындайды. **Түсінеді:** музыка өзгерген кезде ойын қимылын да өзгертуді. **Қолданады:** мәнерлі қимылдарды орындайды, ойынға қатысады, қолшатырмен би билейді.

Музыка тыңдау:

«Жаңбыр шақыру (Д. Ботбаев)

Ән айту:

«Жау, жау, жаңбыр» (К.

Дүйсекеев)

«Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)

Музыкалық-ырғақтық қимылдар:

«Көңілді балалар» литва халық

әуені (өнд. Т. Ломова)

Дене тәрбиесі

Біз – болашақ әскерміз!

Міндеті: Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру

Күтілетін нәтижелер:

Жасайды: допты бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды, гимнастикалық орындық үстінде білегі мен тізесіне таянып еңбектеуді, басқа қапшық қойып бүйірімен және қолды белге қойып жүруді.

Түсінеді: тепе-теңдіктерін сақтап жүруге жаттықтыру кезінде дене бітімін дұрыс ұстау керектігін.

Қолданады: басына қапшық қойып, арқан үстімен бір бүйірімен динамикалық тепе-теңдіктерін сақтап жүруге жаттықтыру, дене бітімін дұрыс ұстау дағдыларын, кеңістікте бағдарлай білу шеберліктерін (машықтарын).

Дене тәрбиесі

Әкем, анам және мен!

Міндеті: скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру

Жасайды: орындайды: құлақ қалқанын укалау, алаңқайдың бір жағынан екінші жағына қатармен жүру.

Күтілетін нәтижелер:

Жасайды: залда қауіпсіздік ережелерді сақтау керектігін, бөрененің үстімен жүргенде қауіпсіздік ережелерін сақтауды, өз қимылдарын оң жақ, сол жақ көршілес балалармен үйлестіруді.

Қолданады: баяу жүгіру дағдыларын, негізгі қимыл-қозғалыс жаттығуларын, қолды сермеу мен аяқпен итерілу күшін

Түсінеді: залда қауіпсіздік ережелерді сақтау керектігін, бөрененің үстімен жүргенде қауіпсіздік ережелерін сақтауды, өз қимылдарын оң жақ, сол жақ көршілес балалармен үйлестіруді.

Қолданады: баяу жүгіру дағдыларын, негізгі қимыл-қозғалыс жаттығуларын, қолды сермеу мен аяқпен итерілу күшін

Музыка

Күзгі жаңбыр

Міндеті: Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру

Күтілетін нәтижелер:

Жасайды: шығарманың дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады, әндерді орындайды. **Түсінеді:** музыка өзгерген кезде ойын қимылын да өзгертуді. **Қолданады:** мәнерлі қимылдарды орындайды, ойынға қатысады, қолшатырмен би билейді.

Музыка тыңдау:

«Жаңбыр шақыру (Д. Ботбаев)

Ән айту:

«Жау, жау, жаңбыр» (К.

Дүйсекеев)

«Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)

Музыкалық-ырғақтық қимылдар:

«Көңілді балалар» литва халық

әуені

(өнд. Т. Ломова)

Билер:

«Көңілді қолшатырлар» биі

	айналып өту керектігін. Қолданады: бір бүйірімен екі аяқпен арқаннан секіруге жаттықтыру және ширақ итерілу дағдыларын және орындық үстінде тепе-теңдік сақтап жүруді «Секіргіштер». Екі тізбекке қайта сап құрады. Бірінші ойыншы бір орыннан ұзындыққа секіреді. Екінші ойыншы сол жерден әрі қарай дәл солай секіреді. Сөйтіп барлық ойыншылар секіріп болған соң, қашықтықтарын салыстырады. Команданың барлық ойыншылары бір орыннан ұзындыққа секіреді. Барлығы секірген соң жүргізуші әр команданың секіру қашықтықтарын қосып, ұзаққа секірген команданы анықтайды. Сөйтіп, олар жеңіске жетеді	Билер: «Көңілді қолшатырлар» биі (педагогтің тандауы бойынша) Ойындар, хороводтар: «Күн мен жаңбыр» ойыны	Тепе-теңдік – орындық үстінде текшелерді аттап жүру (ені – 20 см, биіктігі – 40 см), бір бүйірімен текшелерді аттап жүру. Бастарын төмен түсірмей, тура қарап және бір-біріне кедергі келтірмей жүреді. Нұсқау – тепе-теңдікті сақтау.	мөлшерлеуді, кеңістікті бағдарлау біліктілігін Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аншылар мен қояндар» (4 рет). Ойыншылар «аншылар» және «қояндар» болып екіге бөлінеді. «Аншылар» сызықтың сыртында тұрады, «қояндар» сызықтың ортасында тұрады. Педагогтің белгісімен «қояндар» сызықтың сыртына секіріп шығады. Осы кезде оларды «аншылар» ұстауға тырысады. «Қояндарды» көп ұстаған бала жеңімпаз атанады	(педагогтің тандауы бойынша) Ойындар, хороводтар: «Күн мен жаңбыр» ойыны
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. Өз-өзінеқызмет ету	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. Өз-өзінеқызмет ету	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. Өз-өзінеқызмет ету	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. Өз-өзінеқызмет ету	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. Өз-өзінеқызмет ету

Серуен	Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Енбек: « Таза алаң » . Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов « Күшік » . Мақсаты: Ү дыбысының айтылуына жеткізуге. Тапқыты мәнгерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. « Күшік » . Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап Ойын: « Қасқыр мен қаздар » . Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Қимылдық ойын: « Тымпи-тымпи » . Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Ойын барысы: Тымпи-тымпи	Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қалағалы. Енбек: Жапырақтардан гүл шоғын жасау Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. Жеке жұмыс: « Күзгі жапырақ » таппак Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей, Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. Ойын: « Аю жүрген орманда » . Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту Қимылдық ойын: « Монданақ » . Ойын барысы: Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу айтпаса орамалды шыыршықтап алып дөңгелек отырады. Ортаға біреу шығады. Отырғандар тізерлеп: « Өне кетті монданақ, міне кетті монданақ » .-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды. Оны жасыра алмаған	Бақылау: Алтын күзді бақылау. Мақсаты: Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау. Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату. Қушыдырып біздерді, Мерекелі күз келді Кел жемісті алтын күз Кемелденсін халқымыз. Қимылдық ойын: « Жылғадан қарғып өтеміз » . « Қоян мен қасқыр » . Мақсаты: Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету. Енбек: « Таза алаң » Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Бастаған ісін аяғына дейін тынақты орындауға үйрету. Жеке жұмыс: « Отбасы мүшелері » Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. Қимылдық ойын: « Көрші » . Мақсаты: Балалардың ептілікке, сезімталдық, кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту. Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету. Ойын барысы: Балалар екі-екіден қол ұстасып, бірінің артына бірі тұрады. Олардың алдынан 3-8 метр жерден сызық жүргізіледі. Ол сызықтың	Бақылау: Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады? Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. « Қыстың қамын жаз ойла » . Енбек: Біздің алаң. Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау. Балалардың еңбекке ынтасын арттырып, өздігінен еңбек ете білуге үйрету. Жеке жұмыс: Тыным сөздерді жаттату. Мақсаты: « Сұға түкірме », « Нанды баспа », « Дастархан басында кекірме » т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру. Қимылдық ойын: « Итеріспек » Ойын барысы: Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады. Егер бір аяқпен секіріп жүріп, екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені. Ойын жалғаса береді. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу. 3. Дөпты қуалау. (Экология мәдениеті)	Бақылау: Күнді бақылау. Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәулесі (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. Қимылдық ойын: « Таяқшалаң аттап өт » . « Қуаласпақ » Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу. Енбек: Гүл шоғы. Мақсаты: Алаңдағы жапырақтарды жинап, олардан әдемі гүл шоғын жасау. Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуовтың « Бағдаршам » Мақсаты: Бағдаршаммен таныстыру. Жолда жүру ережелерін түсіндіру. Е.Өтетілеуовтың « Бағдаршам » Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал « тілін » Біліп алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса, сабыр Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл шоқтай, Қаламын кілт тоқтай. Қимылдық ойын: « Үрпек төбет » Мақсаты: Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада отырады. Қалған балалар оған жай ғана жақындай түседі, ал
----------------------	---	--	--	--	---

	ойынның бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи»,- дейді. Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс. Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады. Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай «өнерімен» ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып, соны күлдіруге күш салады. Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз жымылдақ жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады. Ал, сөйлеп, күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді. Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Өткеншек тебу. 2. Дөпті қуалау. Тренинг: «Біз біргеміз». (Экология мәдениеті) Еркін ойындар: балалардың қалауы бойынша	ойыншы ортаға шығады. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Орта дөп 2. Өткеншек тебу 3. Қуаласпак Тренинг: «Бір шанырақ астыңда». (Экология мәдениеті) Еркін ойындар: балалардың қалауы бойынша	бойында торуылшы бір бала тұрады. Тәрбиешінің белгісімен ең артында тұрған бала, балалар тобының екі жағымен жүргізген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек. Егер ұстап алса, қолынан жетектеп әкеліп, топтың алдына келіп тұрады. Ал қалған біреуі торуылшы болып, сызықтың үстінде қалады. Балалар жүгіріп келе жатқанда торуылшы оларға арқасын беріп, теріс қарап тұрады. Ортасында тұрған қасқыр қуып береді. Қолға түскен балалар ойыннан шығып қалып, келесі ойынға кіреді. Қасқырларды ұсталып қалған балалардың арасынан сайлайды. Дербес ойындар. Тренинг: «Біз титумыз» (Экология мәдениеті) Еркін ойындар: балалардың қалауы бойынша	тәрбиеші осы кезде былай дейді: Алдынгы екі аяққа басын сұғып, Әнекей жалбыр төбет жатыр сұлық, Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып, Момақан, сырт пішіні жуас салғырт Ояталық жақындап барайық та, Қайтер екен содан соң-қарайық та. Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды. Балалар қаша жөнеледі. Төбет оларды қуа жөнеледі. Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады. Төбет қайтадан ортаға отырады. Ойын жана бастаушымен қайта басталады. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Төбешіктен-төбешікке секір. 2. Күн мен түн Тренинг: «Күн шуағы». (Экология мәдениеті) Еркін ойындар: балалардың қалауы бойынша
Серуеннен оралу	Кімдерін ретімен шешу.	Өз-өзіне қызмет сту		

Балалармен жеке жұмыс	Жеке жұмыс Әңгіме құрастыру Мақсаты: грамматикалық құрылымды және үйлесімді сөйлеуді қалыптастыру Қарым-қатынас дағдылары Ахметжан Аяулым Нұржанқызы	Жеке жұмыс «Шаншар» қимылды ойыны Мақсаты: қозғалыстарды үйлестіруді, реакциялардың жылдамдығын дамыту Физикалық дағдылар Сундетулла Жасмин Наурызбайқызы	Жеке жұмыс «Алдымен не, содан кейін не болады?» дид ойыны Мақсаты: себеп-салдарлық байланыстарды бөліп көрсету, қоршаған әлемдегі өсімдіктердің маңыздылығын түсіндіру Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар (Ранс Дастан Талғатұлы)	Жеке жұмыс «Көріңді ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: сандар туралы білімді, олардың сандық қатардағы орнын бекіту Танымдық және зияткерлік дағдылар (Алтай Айгері)	Жеке жұмыс «Қиып ал да, жапсыр» дидактикалық ойыны Мақсаты: қайшымен жұмыс істеудің техникалық дағдыларын бекіту, аппликация элементтерін қағаз парағына орналастыру мүмкіндігі Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі (Қайрат Айгерім Жамбылқызы)
Балалардың дербес әрекеті(аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнедеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Сақина жасыру Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді.Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаады.Бастаушы жұпуды қолын әрбір ойынның алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды.Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады.Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді.Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Белбеу сөк Ойыншылар екі-екіден жұптасып шеңбер жасап тұрады.Бір белбеуді алып екіншісін қуға тиіс. Қиып жүрген бала шеңбердегі жұптасып тұрған екі баланың алдына келіп тұрады.Артық қалған үшінші бала қаша жөнеледі.ойыншы оны қуып жетіп белбеумен соғады да,өзі де бір жұптың алдына тұра қалады.Оның орнына келесі ойыншы шығып,ойынды жалғастыра береді.Белбеу ен соңында кімде қалса сол ойыншы жеңіліске ұшырайды да өз өнерін көрсетеді.	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Арқан түйе. Балалар шеңбер жасап тұрады. Қолында арқаны бар жүргізуші топ арасынан шығады да-ойын бастайды –деп дауыстайды.Сонан соң арқанның түйілмеген басын ұстан шеңбер бойымен айналады,арқанды балалардың аяқтарының астынан жібереді.балалар арқан үстімен секіріп тұрады.Кімде-кімнің аяғына арқан ілініп,секіре алмай қалса ол бала ойынды тоқтатып өнер көрсетеді,тапқақ,өлең айтады немесе билеп береді.Ойын осылай жалғаса береді.	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Тенге ілу. Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді.Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын келгі басталатын жерге сызық сызылады.Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыдай екі шұңқыр қазылады.Шұңқырға он-оннан төс салынады.Содан екі топтан екі саяскер шығады.сызыққа келіп қатарласып тұрады.Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйыңғытып,шаба жөнеледі.Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алып,әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөтелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі.Қай топ көп ұпай жинаса,сол топ жеңеді	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Күн мен түн Бұл ойын алаңда ойналады. Алаң ортасына қолденең сызық сызылады да, оған қарм-қарсы екі жағынан әрбір бір метр сайын тағы екі сызық сызылады. Ойыншылар саны жағынан бірдей екі топқа бөлінеді. Топтың біріне “күн”, екіншісіне “түн” деп ат қойылады. Ойын жүргізуші топтың бірінің атын атайды. Мәселен: ойын жүргізуші “күн” деп дауыстаса, “түн” тобындағы ойыншыларды мәре сызығына дейін қуып барады. Ойынның мақсаты қарсыластар тобынан көп адам ұстау
Балалардың үйге қайтуы	Өнегелі 15 минут үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замансыз, белдеушесіз.				